

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ___ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« ___ » _____ 20 ___ года

2020 жылғы 30 қыркүйекте жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Су қоймаларындағы апаттар жөнінде әлем тарихында мысалдар өте көп. Көп жағдайда оған себеп болуы адами факторларға байланысты. Ол дегеніміз - жобалау кезінде жіберілген қателер, пайдалану кезінде регламент тәртібін сақтамау және т.б.

Өкінішке орай, ондай жағдайлар біздің елімізде де орын алған.

Қызылағаштағы жан түршігерлік апат есімізден шығар емес.

Көршілес Өзбекістандағы Сардоба су қоймасындағы болған жағдай халқымызды біраз әбігерге салды. Әйтеуір тұрғындар аман. Дегенмен де, індет бір жағадан алып жатқанда топан су әп-сәтте 7000 ға жуық азаматтарымыздың берекесін қашырды.

Бұл жағдайлардың бәрін Сіздің жақсы білетініңізден күмәніміз жоқ, дей тұра, апаттың алдын алу қайғылы жағдайларға жол бермеу негізгі мақсат деп білеміз.

Елімізде бірнеше жарты ғасыр бұрын салынған су қоймалары бар. Көктемгі су тасқындарын болдырмау, ауыз су және ағын сумен қамтамасыз ету бағытында жұмыс істейтін құрылымдар. Осы жерде, қоймалардың техникалық регламентерін қайта қарап шығып қауіпсіздік талаптарын қатаңдату қажет деп санаймыз.

Сіздің назарыңызды, елді дүрліктіріп жүрген Шардара су қоймасы бөгетінің тұрақтылығына аударғымыз келіп тұр.

Шардара Су Электр Стансының басшыларынан келіп түскен хаттан білгеніміз, Шардара су қоймасының бөгетінде жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының жобасы күмән келтіріп отырғаны. Бірге, әріптес болған Шардара СЭС мамандарының көтеріп отырған мәселесін қолдаймыз және олардың біліктіліктеріне күмән келтірмейміз. Оған себеп 50 жылдан астам

уақыт Шардара су қоймасын СЭС мамандары қауіпсіздікті үздіксіз қамтамасыз ете басқарып келді. Барлық техногендік циклдардан, табиғи сынақтардан өткен су бөгетін «Қазсушар» РММ әртүрлі жөндеу жұмыстарын жүргізуге құмар болды.

Осы орайда, Қызылағаштағы апат кезінде қоймада 40 млн.м3 су болған болса, ал Шардара су қоймасында 5 миллиард м3 ден астам су жиналатынын естен шығармау керек.

Жаманның атын айтып шақырғанша, алдын алып бетін қайтарғанымыз жөн болар деп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдауындағы - «Мәселе туындаған кезде ғана шұғыл қимылдамай, алдын ала шаралар қабылдап, барлығын жан-жақты ойластырып жұмыс істеуіміз керек» дегенін алға тартар едік.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, келесідей мәселелерді қарастыруыңызды сұраймыз:

1. Барлық су қоймаларының қыс және көктем мерзімдеріне жұмысқа дайындығын және техникалық регламентінің талаптарын орындалуын қадағалау;

2. Шардара су қоймасының бөгетіндегі жүріп жатқан жөндеу жұмыстарының негіздемесін қайта қарап шығып, мамандандырылған сараптама жасауды.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес беруді сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің Депутаттары,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшелері**

Қ. Ержан

Ф. Қаратаев

*Орынд: А. Сансызбай
Тел. 74-62-11
sansyzbay@parlam.kz*